

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ПІКІРТЕРІМ НӘТИЖЕЛЕРІ

Сауалнама жүргізу күндері: 2024 жылғы 7-13 қараша

Респонденттердің саны: 13

(AERC, ING, Jusan Invest, NAC Analytica, АКРА, Еуразиялық экономикалық комиссия, Еуразиялық Даму Банкі, Ренессанс Капитал, Синара Инвестициялық Банкі, Сентрас Секьюритиз, Фридом Финанс, Экономикалық зерттеулер институты, Эксперт РА)

Пікіртерім нәтижелері (респонденттер болжамдарының медианалық мәні, жақша ішінде алдыңғы болжамдардың медианалық мәндері көрсетілген):

Көрсеткіш	2023 (факт)	2024	2025	2026
Brent маркалы мұнай бағасы бір баррель үшін АҚШ долл., жылына орташа есеппен	82,2	80,4 (80,0)	76,5 (75,0)	74,0 (75,0)
ЖІӨ %, ж/ж	5,1	4,2 (4,0)	4,7 (5,0)	4,5 (4,5)
ТБИ %, желт. өткен жылдың желт.	9,8	8,4 (8,4)	6,9 (6,7)	6,0 (6,0)
Базалық мөлшерлеме жылдық %, жылына орта есеппен	16,5	14,6 (14,6)	12,5 (12,0)	10,3 (10,1)
Тауарлар мен қызметтер экспорты жылына млрд АҚШ долл.	90,1	89,5 (88,0)	91,7 (83,2)	91,6 (84,1)
Тауарлар мен қызметтер импорты жылына млрд АҚШ долл.	71,8	71,8 (72,0)	72,5 (70,0)	73,0 (71,0)
USD/KZT бағамы жылына орта есеппен	456,3	466,5 (464,0)	486,9 (484,0)	498,3 (494,3)
Бейтарап базалық мөлшерлеме* жылдық %	8,5 (8,5)			
ЖІӨ-нің ұзақ мерзімді өсуі** %, ж/ж	4,0 (4,3)			

МҰНАЙ БАҒАСЫ. Ағымдағы жылдың қараша айында респонденттер мұнай бағасы бойынша 2025 және 2026 жылдарға арналған күтулерін өзгерткен. 2025 жылға арналған бағалау баррель үшін **76,5** АҚШ долларға дейін өсу жағына қайта қаралды. 2026 жылға болжам баррель үшін **74,0** АҚШ долларға дейін төмендетілген. 2024 жылға арналған үміттер **80,4** АҚШ доллар деңгейінде қалыптасты.

ЖІӨ. Қазақстан экономикасының 2024 жылға өсу болжамдары — 4% - дан **4,2%** - ға дейін жақсартылған. Респонденттердің 2025 жылға арналған күтулері 5% - дан **4,7%** - ға дейін төмендетілді. 2026 жылға арналған экономиканың өсуі бойынша болжамдары **4,5%** деңгейінде сақталған.

ТБИ. 2025 жылға арналған инфляция болжамы 6,7% - дан **6,9%** - ға дейін нашарлады, 2024 және 2026 жылдарға арналған болжамдар тиісінше **8,4%** және **6,0%** деңгейінде бұрынғыдай қалыптасуда.

* Ақша-кредит саясат ұзақ мерзімді кезеңде инфляцияны және инфляциялық күтулерді мақсатта сондай-ақ ЖІӨ-ді әлеуетті деңгейде сақтауын қолдайтын базалық мөлшерлеме

** 5 жыл ауқынында әлеуетті ЖІӨ өсуінің күтілетін орташа қарқыны

БАЗАЛЫҚ МӨРШЕРЛЕМЕ. 2025 жылға арналған базалық мөлшерлеменің болжамдары талдаушылардың инфляциялық күтулеріндегі өзгерістерге сәйкес, 12,0% - дан **12,5%** - ға дейін өсу жағына қарай қайта қаралды. 2026 жылға арналған бағалауар 10,1% - дан **10,3%** - ға дейін түзетілді. 2024 жылға арналған болжамдардың медианалық мәндері **14,6%** деңгейінде сақталды.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ЭКСПОРТЫ. Респонденттердің тауарлар мен қызметтер экспортының көлемі бойынша болжамдары бүкіл болжамды кезеңінде жақсартылған. 2024 жылға арналған күтулер 88-ден **89,5** млрд АҚШ долларына дейін өсу жағына қайта қаралған. 2025 жылға болжам 83,2-ден **91,7** млрд. АҚШ долл.дейн, ал 2026 жылға арналған бағалау **91,6** млрд. АҚШ долл. дейін өзгертілген.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ИМПОРТЫ. 2024 жылы тауарлар мен қызметтер импортының көлемі сарапшылардың бағалауына сәйкес **71,8** млрд. АҚШ.долл. дейін төмендеуде. Респонденттердің 2025 жылға арналған болжамдары 70,0-ден **72,5** млрд. АҚШ.долл. дейін қайта қаралған. 2026 жылға арналған медианалық болжам **73,0** млрд. АҚШ. долл. деңгейінде қалыптасуда.

USD/KZT БАҒАМЫ. USD/KZT бағамы бойынша болжамдар әлсіреу жағына аздап өзгертілген. Осылайша, 2024 жылы USD/KZT бағамы бір АҚШ долл. үшін жылына орта есеппен **466,5** теңге деңгейінде күтілуде. 2025 жылы болжам 484,0 теңгеден **486,9** теңгеге дейін, ал 2026 жылы – 494,3 теңгеден **498,3** теңгеге дейін өзгертілген.

БЕЙТАРАП БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. Ақша-кредит саясат ұзақ мерзімді кезеңде инфляцияны және инфляциялық күтулерді мақсатта, сондай-ақ ЖІӨ-ді әлеуетті деңгейде сақталуын қолдайтын базалық мөлшерлеме енді **8,5%** деңгейінде бағалануда (бұрын – 8,5%).

ЖІӨ-НІҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ӨСУІ. Респонденттер 5 жылдың шегінде әлеуетті ЖІӨ-нің орташа өсу қарқынын **4,0%** деңгейінде бағалауда.

Болжамдар ауқымы мен макро көрсеткіштердің көп бағытты динамикасы талдаушылар арасында қысқа мерзімді және орта мерзімді перспективада ішкі және әлемдік экономиканың даму перспективаларына қатысты белгісіздікті көрсетеді.